

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҮЛЕС

2018 жылы біз 2018–2028 жылдарға арналған Жаңа даму стратегиясын бекіттік. Стратегия Компанияның орта мерзімді кезеңдегі нысаналы жай-күйін борыш жүктемесін қатаң бақылау жүйесі бар және борыш деңгейі қолайлы тұрақты компания ретінде айқындайды.



Қаржылық тұрақтылықты арттыру

2018 жылы біз шығындарды жабуға және өзіміздің қаржылық көрсеткіштерімізді айтарлықтай жақсартуға қол жеткіздік. 2018 жылы ҚМГ сыртқы қарызы төмендеді, инвестицияларға лимиттер белгіленді, жобалардың мерзімдері регламенттелді. Сондай-ақ біз нарықтық ортаға бейінсіз қызмет түрлерін шығара алдық, бұл қайталанатын функцияларды қысқартуға мүмкіндік берді.

Экономикалық дамуға үлес

GRI 102-15, 103-1, 103-2, 103-3, 201-2, 302-1, OG3

ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ

ҚМГ ұзақ мерзімді Даму стратегиясында біз климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттарды айқындадық:

- парниктік газдар шығарындыларын басқару;
- ілеспе мұнай газын тұрақты жалындатып жағуды қысқарту;
- өндірілген өнім көлеміндегі шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру.

2018 жылы ҚМГ шығарындыларды басқару саясатын әзірледі, ол негізгі сегіз қағидаттардан тұрады, оның алтауы климаттың өзгеру мәселелеріне тікелей қатысты:

- парниктік газдар шығарындыларына белгіленген квоталар көлемін сақтау;
- парниктік газдардың жанама шығарындыларын қоса алғанда, шығарындылардың тұрақты есебін, түгендеуін және мониторингін жүргізу;
- көмірсүтек шикізатын өндіру кезінде шикі газды ұдайы жағуды тоқтату;
- шығарындыларды қысқарту және «Көміртегі ізін» азайту бойынша іс-шаралар жүргізу;

- көміртегі активтерін басқару;
- шығарындыларды басқару қызметін үнемі жақсарту (мысалы, климаттың өзгеруіне байланысты залалды болжау, алдын алу және азайту).

Климаттың өзгеруі мәселелері тәуекелдерді сәйкестендіруді және қоршаған ортаға жүктемені азайту жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған. Біз ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіріп, Директорлар кеңесінің алдында олар жөнінде тоқсан сайын есеп береміз, сондай-ақ оларды климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдердің корпоративтік матрицасына кіргіздік:



Төмен көміртекті
экономикаға
көшумен байланысты
тәуекелдер

Саяси және нормативтік-құқықтық тәуекелдер (мысалы, парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін көміртегі бағасын белгілеу/көтеру тетіктерін енгізу; мемлекеттің квоталарды бөлу әдісіне шығарындылардың үлестік коэффициенттерін пайдалану жолымен ғана көшу, соның салдарынан кейбір кәсіпорындарда квоталар тапшылығы туындауы мүмкін; шығарындыларды азайту үшін энергия тұтынуды қысқарту; энергия тиімді шешімдер қабылдау; суды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды күшейту және жерді пайдаланудың неғұрлым тұрақты әдістерін жылжыту).

Нарықтық тәуекел (климатқа байланысты белгілі бір тауарларға, өнімдер мен қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың өзгеру тәуекелі).

Технологиялық тәуекел (жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК), энергия тиімді технологиялар, ең жақсы қолжетімді технологиялар (ЖҚТ), көміртекті ұстау және сақтау технологиялары және т.б. сияқты жаңа технологияларды әзірлеу және пайдалану).

Бедел тәуекелі – Компанияның төмен көміртекті экономикаға көшуге қосқан үлесі немесе осы көшуден жалтаруы тұрғысынан Компанияны мүдделі тараптардың қабылдауының өзгеруіне байланысты бедел тәуекелдері.

Климаттың
өзгеруінің физикалық
әсерімен байланысты
тәуекелдер

Қысқа мерзімді тәуекелдер – циклондар, дауыл, су тасқыны сияқты төтенше ауа райы құбылыстарымен байланысты қысқа мерзімді тәуекелдер.

Жүйелі (созылмалы) тәуекелдер – климаттық үлгілердегі ұзақ мерзімді өзгерістерден туындаған жүйелі (созылмалы) тәуекелдер (мысалы, ауаның қалыптан тыс жоғары температурасының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейінің артуы және жағалау ұңғымаларын су басуы).

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ
УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ



7-қағидат

Қоршаған орта: Іскер топтар экологиялық проблемаларды шешу кезінде сақтық көзқарасты ұстануға тиіс.



8-қағидат

Қоршаған орта: Іскерлік топтар үлкен экологиялық жауапкершілікті ілгерілетуге арналған бастамаларды көтеруі тиіс.

9-қағидат

Қоршаған орта: Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуды ынталандыруы тиіс.

10-қағидат

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.



ҚР Энергетика министрлігі жанындағы жұмыс топтары құрамындағы осындай тәуекелдерді азайту мақсатында біз Қазақстанның парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді қатысамыз.

Компания жыл сайын жаңа кәдеге жарату объектілерін салады, қолда бар өндірістерді қайта жаңартуды жүргізеді, құбырлар мен инфрақұрылым құрылысына инвестиция салады, мысалы, Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу құрылысы, «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысы. 2019 жылы Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орнында ГҚДҚ-40 толық ауқымды пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл шаралар ІМГ кәдеге жарату деңгейін арттыруға ықпал етеді және тиісінше көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларын төмендетуге алып келеді.

Бұл ретте, табиғи газдың рөлі генерациялайтын электр энергиясын өндіретін компаниялардың атмосфераға шығарындыларды төмендетуге мүмкіндік беретін отын түрлеріне көшуге ұмтылуына байланысты артатын болады. Газ шамамен он жыл ішінде электр энергиясын өндіру үшін отынның басты түрлерінің бірі болады деп күтілуде.

Жаңғырту шеңберінде 2019 – 2021 жылдары ҚР МӨЗ-де микропроцессорлық есептеу құралдары және орталықтандырылған басқару және бөлінген өлшеу функциясы бар ақпараттық-есептеу жүйесі болып табылатын басқару кешендері базасында іске асырылатын электр энергиясын техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жоспарлануда. Осы жобаны іске асыру:

- жұмыс режимін оңтайландыру және тұтынылатын электр энергиясының сапасын бақылау есебінен электр энергиясына шығындарды төмендетуге;
- ірі тұтынушылар, тораптар, агрегаттар бөлінісінде электр энергиясын тұтыну бойынша деректерді жинау мен өңдеу процесін автоматтандыруға;

- электр тұтыну режимдерін басқаруға, МӨЗ технологиялық процестерінде электр энергиясын пайдалану тиімділігін арттыруға;
- предиктивті талдауға, нақты уақыт режиміндегі мониторингке;
- ҚМГ «Мұнай өңдеу» бизнес-бағытының ЕТҰ электр энергиясын тұтынуының мониторингілеу мен талдаудың жалпы ортасын құруға;
- уақыт пен объектілер бөлінісінде электр тұтыну бойынша статистикалық деректер базасын қалыптастыруға;
- штаттан тыс жағдайларды сәйкестендіруге және жою бойынша шешімдер әзірлеуге;
- цифрлық кәсіпорын құрудағы негізгі қадамдардың бірін орындауға әкеледі.

Сондай-ақ HSB Solomon Associates LLC (бұдан әрі – Соломон) компаниясының әдіснамасы бойынша үздік әлемдік зауыттармен салыстырғанда ҚР МӨЗ дамуының ағымдағы деңгейіне зерттеу жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соломон зерттеулерінің мақсаты: негізгі көрсеткіштерді айқындау – «Соломон индекстері» – салыстырмалы базисте МӨЗ, яғни қолда бар қуаттар қаншалықты тиімді пайдаланылатыны. Тиімділік көрсеткіштері көлемі мен конфигурациясы бойынша ұқсас МӨЗ-ді салыстыруға арналған, және оларды МӨЗ жұмысының нәтижелерін (өндірістік, сондай-ақ экономикалық) әртүрлі топтар бойынша басқа МӨЗ жұмысының нәтижесімен салыстыруға мүмкіндік беретін жедел салыстыру үшін пайдаланған дұрыс.

2019 жылы «Амангелді Газ» ЖШС өнеркәсіп алаңын жарықтандыру желісін қоректендіру үшін жалпы қуаты 10 кВт күн панелін орнату жоспарлануда.

Өткен жылдары «ҚТГ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында енгізілген жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) тиімді жұмыс істеуде: «Waterkotte» үлгідегі геотермальды жылу сорғылары; монокристалды күн панелдері (батареялары); термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator).

**2018 жылы
өндірілетін
(өндірілетін)
жаңартылатын
энергияның
жалпы көлемі,
көздер бойынша
бөліністе:**

Жылу
сорғыларымен
геотермалды
(жылу) энергияны
өндіру –
678,53 Гкал

Күн панельдерінің
электр энергиясын
өндіруі –
103 572 кВт•сағ

Электр энергиясын
термоэнергогенера-
торлармен (ТЭГ –
Ренкин циклі)
өндіру –
240 900 кВт•сағ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

GRI 102-7, 103-1, 103-2, 103-3, 201-1, 201-4

Компания ҚР өңірлерін дамытуға, әлеуметтік-экономикалық әлеуетті арттыруға және өңірлер халқының әл-ауқатын жақсартуға елеулі үлес қосады.

Компанияның экономикалық нәтижелілігі ел экономикасына осы салымды, алынған кірістерді, төленген міндеттемелер мен салықтарды бағалауға мүмкіндік береді.

ҚМГ мемлекеттен қаржылық көмек алмайды.

Құрылған және бөлінген экономикалық құн*

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2016	2017	2018
Құрылған тікелей экономикалық құн (жиынтық кірістер)	млрд теңге	4 035	5 451	7 905
Бөлінген экономикалық құн (жиынтық шығыстар)	млрд теңге	3 675	4 926	7 211
Бөлінбеген экономикалық құн (пайда)	млрд теңге	360	526	694

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2016	2017	2018
Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	781	914	1 258
Төленген табыс салығы	млрд теңге	106	113	186
Капитал өнім берушілеріне төлемдер	млрд теңге	294	275	291

* Деректер Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) бойынша жасалған ҚМГ аудиттелген қаржылық есептілігінен алынды. GRI Standards (201-1) сәйкес Экономикалық нәтижелілік көрсеткіштері келтірілген.



GRI 201-3

Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы аударымдары


Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақталымдары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында болады. Зейнетақы мемлекет кепілдік берген ең төменгі зейнетақы ставкасынан, жеке зейнетақы жинақтарынан (жалақының 10%-ы мөлшеріндегі ай сайынғы жарна) және қосымша өңірлік үстемеақылардан тұрады.

Әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасына қосымша ҚМГ тобында жұмыс істемейтін зейнеткерлерге арналған зейнетақы бағдарламасы іске асырылуда, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін белгілі бір материалдық қолдау ала алады.

ҚМГ компаниялары тобының «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС сияқты кейбір мұнай сервистік ұйымдарында зейнеткерлік алдындағы жасқа дейінгі қызметкерлерге тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлей отырып, зейнетке ерте шығу мүмкіндігін беру, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлерге – еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлеу жобасы іске асырылуда.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстар, соның ішінде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік көмек 22 млрд теңгені (2017 жылы – 18,9 млрд теңге) құрады.

ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, млрд теңге



Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2016	2017	2018
Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары	млрд теңге	43	52	52

Тікелей емес экономикалық әсер

2016–2018 жылдардағы күрделі қаржы салымдары

GRI 203-1, 203-2

	Өлш. бірл.	2016	2017	2018
Күрделі ақша салымдары	млрд теңге	554	669	628

Өңірлерді газдандыру бағдарламасы аясында «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР елді мекендерін газдандыру және жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда. «Сарыарқа МГҚ-ға қосылатын газ тарату желілерінің құрылысы» жобасын іске асыру бөлігінде ҚР Президентінің бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру бойынша Жол картасы әзірленді. Жоба жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын дамыту және жаңа өндірістерді құру, Нұр-Сұлтан қаласы мен Орталық Қазақстанға газды тұрақты жеткізу, экологиялық жағдайды жақсарту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, магистральдық газ құбырын және магистральдық газ

құбырының инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалану кезеңінде қосымша жұмыс орындарын ашу есебінен жергілікті халықты жұмысқа тарту және жұмыспен қамтуды арттыру, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы мен орталық облыстардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қажетті жағдайлар туғызады.

2018 жылы мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру сәтті аяқталды:

1. «Қазақстан – Қытай» МГҚ қуатын арттыру (С желісі). Газ құбырының үшінші желісін («С» тармағы) пайдалануға беру арқылы

- Қазақстан – Қытай МГҚ өнімділігі жылына 55 млрд м³ дейін жеткізілді.
- «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту». 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қаласының Қашар кенті, Лисаков қаласының Октябрь кенті, Қарабалық ауданының Тоғызқұм ауылы, Денисов ауданының Антоновка, Алчановка, Әулікөл ауданының Әулікөл – жеткізуші газ құбыры жүргізілді, Рудный қаласы – газдандыруды жалғастыру). Жоба бойынша барлығы 7 мың жаңа абонентті қосу жоспарлануда, оның ішінде 6,7 мың үй мен пәтер, 184 ұсақ коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын, 12 өнеркәсіптік кәсіпорын (жалпы тұтыну көлемі 28 млн м³ газ).
 - Қазақстан Республикасының солтүстік және орталық өңірлерін газдандыру шеңберінде 2018 жылы «Сарыарқа» МГҚ құрылысына ЖСҚ әзірленді.

2018 жылы мынадай жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру басталды:

- Бейнеу – Бозой – Шымкент МГҚ-да үш компрессорлық станция құрылысы.

- «Қазақстан – Қытай» МГҚ («А» және «В» тармақтары) өнімділігін жылына 40 млрд м³ дейін ұлғайту» техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
- Бейнеу – Бозой – Шымкент МГҚ қуатын жылына 15 млрд м³ дейін кеңейтудің техникалық-экономикалық есебін әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
- Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта жаңарту. Жоба қаладағы экологиялық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді, газбен қамтамасыз етуге шамамен 4,1 мың жаңа абонентті 15,8 млн м³ газ орта жылдық тұтынумен қосуға мүмкіндік береді.
- «МұнайТас» ЖШС «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыры реверсінің жобасын іске асыруды бастады. Жоба ПМХЗ және ПКОВ-та жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде Батыс Қазақстан мұнайын тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Өндірісті жаңғыртуға арналған инвестициялар

GRI 203-1

Газ тарату желілерін жаңғырту бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда:

- Тараз қаласының газ тарату жүйесін жаңғырту. 2012 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде 862 км жаңа газ құбыры салынды және газбен жабдықтаудың жаңа жүйесіне 29 мың абонент қайта қосылды. 2019 жылы шамамен 38 км газ құбырының құрылысы көзделді, жобаны іске асыруды аяқтау жоспарлануда.
- Маңғыстау облысы елді мекендерінің газ тарату жүйесін жаңғырту, қайта жаңарту және жаңа салу. 2015 жылдан бастап 1 323 км газ құбыры салынып, жаңғыртылды, 6 автоматты газ тарату станциясы, 34 газ тарату шкаф пункті, 41 газ тарату

блок пункті орнатылды. 5 елді мекен газдандырылды.

- Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта жаңарту. Жоба аясында 288 км газ құбырының құрылысы, 101 км газ құбыры мен 34 шкафтық газ реттеу пунктін қайта құру көзделген.

ҚР МӨЗ жаңғырту аясында мынадай инвестициялар жүргізілді:

- Атырау МӨЗ жаңғырту шеңберінде мұнайды терең өңдеу кешені: 2018 жылға ҚҚС игеру – 54 172,8 млн теңге (ҚҚС-сыз)
- Шымкент МӨЗ жаңғырту және қайта құру – 260 730 млн теңге (ҚҚС-сыз)
- Павлодар МХЗ жаңғырту 2017 жылдың желтоқсанында аяқталды.

Зауыттарды жаңғырту K4, K5 класты мотор отынын шығаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ зиянды және ластаушы заттардың шығарылуын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Мұнай өңдеу зауыттарының қуатын қайта құру және жаңғырту нәтижесінде жылына 17,5 млн тоннаны құрайды. Басты нәтижелердің бірі ашық түсті мұнай өнімдерін (оның ішінде бензин, дизель

отыны) шығаруды айтарлықтай ұлғайту болып табылады, бұл елдегі олардың тапшылығын жоюды қамтамасыз етті.

2018 жылы өзге де күрделі қаржы салымдары 16,7 млрд теңгені құрады, оған Нұр-Сұлтан қаласындағы Жекпе-жек сарайының құрылысы да кірді.

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 102-9, 204-1

Компаниядағы сатып алу қағидаттарының бірі барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру болып табылады.

Бұл ретте тауарларды сатып алудың қолданыстағы жүйесі «Самұрық-Қазына» АҚ тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілері арасында ғана, сондай-ақ сатып алынатын тауарды өндіретін, «Самұрық-Қазына» АҚ мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарының арасында ғана ашық тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізуді көздейді. Бұдан басқа, Сатып алу қағидаларында тауарларды сатып алуды жүзеге асыру бөлігінде ерекше шарттар көзделген, оларды 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасқан «Самұрық-Қазына» АҚ жер қойнауын пайдаланушылары осындай келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін, осы екі мерзімнің қайсысы бұрын басталуына қарай қолданады. Бұл ерекше шарттар жер қойнауын пайдаланушылар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес, олар жобалық құжаттың және техникалық реттеу саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сай болған жағдайда, тауарларды қазақстандық өндірушілерден сатып алуға міндетті екендігін көздейді.

Сатып алу процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

- сатып алудың жылдық (ұзақ мерзімді) жоспарын әзірлеу және бекіту;
- өнім берушіні таңдау;
- сатып алу туралы шартты жасау және орындау.

ҚМГ және оның ЕТҰ өнім берушілерін таңдау төмендетуге арналған сауда-саттық қолданыла отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, сондай-ақ бір көзден алу тәсілімен ашық тендер өткізу тәсілімен «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық сатып алулар Электрондық сатып алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің өнім берушілерін таңдау кезінде маңызды аспект «Самұрық-Қазына» АҚ Сатып алу қағидаларына сәйкес, қорытындыларға әсер ететін бұзушылықтарға жол бермей, сатып алу рәсімдерін жүргізу болып табылады. Бұл көрсеткіш ҚМГ және оның ЕТҰ басшы қызметкерлері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің картасына енгізілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ әлеуетті өнім берушілерді алдын ала білікті іріктеуді жүргізуді және алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің деректер базасын

қалыптастыруды көздейтін білікті әлеуетті өнім берушілердің арасында сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін әзірлеп, бекітті.

Әлеуметтік критерийлер бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарды белгілеу мүмкіндігі ҚМГ ұйымдарының сатып алу рәсімдерін реттейтін «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларында көзделмеген. Осыған байланысты өнім берушіні таңдау кезінде әлеуметтік критерийлерді белгілеу «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан бәсекелестікті шектеу ретінде бағалануы мүмкін.

Сонымен қатар, Адам құқықтары мен әлеуметтік критерийлерді сақтау ережелері ҚМГ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерін сатып алуға арналған үлгі шарттарында, сондай-ақ бекітілген Іскерлік әдеп кодексінде көрсетілген.

2018 жылы ТЖҚ сатып алудың жалпы сомасы 2 428 млрд теңгені құрады.

2018 жылы ҚР резидент компанияларынан сатып алу көлемі (олардың қызметкерлерінің азаматтығына және «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың бар-жоғына қарамастан) 2 280,8 млрд теңгені құрады, бұл сатып алудың жалпы сомасының 93,9%-ын құрайды.

ҚР резидент компанияларынан сатып алу сомасы

млрд теңге

Жыл	Жиыны	Тауарлар	Жұмыстар мен қызметтер
2016	1 602,5	637,5	965
2017	2 257,9	775,1	1 482,8
2018	2 280,8	739,8	1 541

Сонымен қатар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін есептеу ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізіледі.

«Жергілікті» деген сөзбен тауар өндіретін және жергілікті қамту үлесінің пайызы көрсетілетін «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаты бар отандық кәсіпорындар түсініледі. Жұмысты орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шартта (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмысты орындауға (қызмет көрсетуге) арналған шартты қоспағанда) жергілікті қамтуды есептеу кезінде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрлардың еңбегіне ақы төлеу қорының үлесі ескеріледі.

Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы сомасы және жергілікті қамту үлесі, млрд теңге

Жыл	Жиыны	ЖҚ үлесі, %	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер	
			Сомасы	ЖҚ үлесі, %	Сомасы	ЖҚ үлесі, %
2016	1 871	76	721	83	1 149	71
2017	2 553	75	863	79	1 690	73
2018	2 428	79	824	77	1 604	80

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі және «Самұрық-

Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларының субъектілері болып табылатын ҚМГ-нің барлық еншілес ұйымдары бойынша шоғырландырылған деректерді көрсетеді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 205-1, 205-2, 205-3, 406-1, 409-1

Компания Компаниялар тобының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі ұйымдастыру-тәжірибелік шаралар қабылдауда. Өткен жылы ҚМГ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары» (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» бекітіліп, енгізілді.

Бұған дейін Экономикалық қауіпсіздік саясаты бекітілді, онда Компаниялар тобы мен оның қызметкерлерінің мүдделеріне қарсы бағытталған сыбайлас жемқорлыққа және басқа да құқыққа қарсы көріністерге қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі бағыттар айқындалған.

Көрсетілген құжаттар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚМГ және еншілес және тәуелді ұйымдардың сайттарында орналастырылған. ҚМГ бас кеңсесінің ақпараттық мониторларында ҚМГ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелеріне байланысты тақырыптық сипаттағы ақпараттық-роликтер үнемі таратылады.

Қағидаға сәйкес тоқсан сайынғы негізде ҚМГ компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүйелі талдау жүзеге асырылады, ҚМГ мен ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша қызметі зерделенеді және бағаланады.

Өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқаруды ұйымдастырудың үлгілік қағидалары, ҚМГ мен оның ЕТҰ-да Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістемесі негізінде тәуекелдердің динамикасы және алдын алушы ықпал іс-шаралары жоспарының орындалу

барысы туралы есепті ұсына отырып, бүкіл Компаниялар тобы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдердің жай-күйіне мониторинг және талдау тоқсан сайын жүргізіледі.

Бұл ретте, Компаниялар тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әсер ететін тәуекел-факторларды сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу барысында тәуекелдерді сандық және сапалы бағалау әдістері пайдаланылады.

Жүргізілген жұмыс аясында 2018 жылы сыбайлас жемқорлық сипатындағы іске асырылған 3 тәуекел тіркелді, олар: ұрлық, парақорлық және мүдделер қақтығысы (2016 жылы – 2 тәуекел, 2017 жылы – 0). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін 3 қызметкерге қатысты 2 қылмыстық іс қозғалды, олармен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттары бұзылып, олардың барлығы соттарда әртүрлі жазалау шараларына сотталған. Еңбек шарттарын заңсыз бұзумен және тәртіптік жауапкершілікке тартумен байланысты қызметкерлердің құқығын бұзудың 5 фактісі анықталды.

2018 жыл ішінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар салдарынан іскер әріптестермен келісімшарттарды жаңартпау немесе бұзу жағдайлары болған жоқ.

ҚМГ мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі –Агенттік) ҚМГ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Талдау нәтижелері бойынша қызметкерлерді жалдау, мүдделер қақтығысын реттеу кезінде бірқатар тәуекелдер анықталды, оларды жою үшін тиісті ұсынымдар берілді.

Агенттіктің қатысуымен анықталған тәуекелдерді болдырмау және реттеу мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді және іске асырылды. Компаниялар

тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың болуы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері жөнінде ҚМГ және ЕТҰ-ның тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің барлық өнім берушілері хабардар етілді.

2017 жылдан бастап ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы барлық шарттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бөліммен толықтырылды, онда шарттың әрбір тарабы сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетіні және әрбір тарап бұл ретте қолданылатын заңнаманы және оның негізінде әзірленген парақорлыққа және коммерциялық сатып алуға қарсы күреске бағытталған саясат пен рәсімдерді басшылыққа алады.

ҚМГ мен ЕТҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарын корпоративтік сайттарда орналастыру, ақпараттық-роликтерді трансляциялау, контрагенттермен жасалған шарттардың бөлімдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелерді енгізу қызметкерлердің, сондай-ақ әлеуетті контрагенттердің және компанияда бейінделетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары бар өзге де тұлғалардың барлығының дерлік іс жүзінде толық танысуына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің барлық қызметкерлері өз жұмысын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады және құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

ЕТҰ-дан келіп түскен мәліметтер бойынша, корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметкерлері тарапынан өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің өкілеттіктен асып кетуі, құқықтарын бұзуы жағдайларына жол берілген жоқ. ■

